

e-mail:
aikyn_nurmedia@mail.ru



www.facebook.com/aikyn.kz



www.twitter.com/aikyn_gazeti



4 870202 250024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ГАЗЕТ

№30 (2906)

26 ақпан, 2016

ЖҰМА

www.aikyn.kz

АИҚЫН

АҚОРДА

ҚҰРЫЛЫС КІДІРІССІЗ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР



«ЖАСЫЛ ӘЛЕМ» ІЛІМІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Наштай Мұхитдинұлы Мұхитдинов 1941 жылы 30 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қараспан ауылында өмірге келді. 1958 жылы осы облыстың Шәуілдір (қазіргі Отырар) ауданы Көксарай совхозында М.Әуезов атындағы онжылдық мектепті бітірді. Сол кездегі саясат талабына сай ол мектепті бітіргеннен кейін бір жылдық есепшілер (бухгалтерлік) курсын тәмамдап, алған мамандығы бойынша туған өлкесінде екі жыл жұмыс жасады.

Білімге құштарлығының арқасында, ол 1961 жылы С.М. Киров (қазіргі ал-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университеті биология және топырақтану факультетіне оқуға қабылданды.

Еңбекке ерте араласып, оны мен соның жақсы танып қалған азамат оқумен қатар ғылымға да ден қойды. Ерінбей еңбектену нәтижесінде ол екінші курстың өзінде-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырмасы бойынша бір топ студенттермен бірге ботаника және топырақтану кафедраларының далалық зерттеу жұмыстарын орындау үшін әртүрлі экспедицияларына қатысты. Болашақ ботаник 1963-1965 жылдары Ақтөбе облысының Ембі, Мортқы аудандарында, 1964 жылы Ақмола облысының территорияларында геоботаникалық экспедициялардың жұмысына қатысып, геоботаник-техник қызметін атқарды.

Осылай тәжірибемен ысылған Наштай Мұхитдинов университетті ойдағыдай бітіріп, студент кезінен бастаған ғылыми жұмысын ары қарай жалғастыру үшін аспирантураға оқуға түсті. Академик Иса Омарұлы Байтулин үлкен көрегендік танытып, оны өз қамқорлығына алды, ғылыми жетекші болды. Жан-жақты болжай білетін ғалым жаңылған жоқ. Шәкірті ұстазының сенімін ақтады. 1969 жылы аспирантураны ойдағыдай аяқтады. Аспирантураны бітірген соң өзі білім алған Қазақстанның білім мен ғылымының киелі ордасы КазМУ-дің ботаника кафедрасында аға лаборанттық қызметке орналасты. Еңбек ете жүріп, аспиранттық ғылыми жұмыстарының нәтижесін 1970 жылы қорғап шықты.

1971 жылдан бастап Наштай Мұхитдинұлы ботаника кафедрасының ассистенті, аға оқытушы, доцент қызметін атқарды. Жас мамандарды тәрбиелеуде, білім беру де көп жұмыстар жасады. Осы жылдарда жоғары білім беру жүйесіндегі жемісті еңбектері үшін

доцент Н.Мұхитдинов Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Мақтау қағазымен (1983 жылы), КСРО Жоғары Кеңесінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен (1984 жылы), «Білім беру үзілігі» белгісімен (1990 жылы) марапатталды.

Ұстаздық қызмет атқара жүріп, Наштай Мұхитдинұлы ғылыми жұмыстармен етене араласты. Диссертацияға материалдар жинау үшін бірнеше жыл Ақтөбе, Қарағанды, Алматы облыстарының аудандарына экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде Ақтөбе облысының қуаң дала аймағындағы сортаң топырақтардың әртүрлі типтеріндегі, Солтүстік Балқаш өңіріндегі сұр-қоңыр сортаң топырақтарындағы және Іле Алатауының әртүрлі шөпті-бұталы алып, субальпі белдеулеріндегі табиғи өсімдіктер қауымдастығының 160 доминанттары (басым түрлері) мен ингредиенттерінің (құрамдас бөліктерінің) тамырларының эколого-морфологиялық ерекшеліктері, сортаң топырақтың ондағы әртүрлі өдістермен егілген өсімдіктердің тамырына әсерінің ерекшеліктері, сұрғылт сортаңдау топырақта егілген негізгі мәдени өсімдіктердің тамырларының даму ерекшеліктері анықталды. Жоғарыда айтылған жұмыстар Н.Мұхитдинұлы 1996 жылы қорғаған «Өсімдіктер тамыр жүйесінің эколого-морфологиялық ерекшеліктері» деген докторлық диссертацияға негіз болды. Тиісті қорытындылар ұсынылған осы жұмыстың нәтижесінде өсімдіктер тамырлары туралы ғылымға жаңа түсініктер енгізілді. 1997 жылы Наштай Мұхитдиновқа биология мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімімен профессор атағы берілді.

Наштай Мұхитдинұлының барлық саналы өмірі өзі білім алған университет қабырғасында өтті. Ол аға лаборанттан университеттің ғылыми жұмыстары жөніндегі проректор



дың орынбасары сияқты қызметтердің барлық сатыларында абыройлы еңбек етті. Еңбек баспалдақтарына көз жүгіртсек, ол 1970 – 1976 жылдары ассистент, аға оқытушы, 1976 – 1988 жылдары доцент, 1983 – 1988 жж. Университеттің ғылыми жұмыстары жөніндегі проректордың орынбасары, 1989 – 2005 жж. Ботаника кафедрасының меңгерушісі, 1995 – 2000 жж. Биология факультетінің деканы болды, ал 2005 жылдан күні бүгінге дейін осы кафедраның (қазір биоаулантүрлілік және биоресурстар) профессоры қызметін атқаруда.

1989 – 2005 жылдары үзіліссіз 16 жыл кафедра меңгерушісі болғанда Н.Мұхитдиновтың ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары дәрежеде байқалды. Осы жылдары ол ботаника кафедрасының стационарның Іле Алатауының бөктерінде ұйымдастырды, Бас ботаника бағынан кафедраның филиалын ашты, ботаника мамандығы бойынша докторантура ашуға рұқсат алды және кафедрада «Өсімдіктер биоморфологиясы» ғылыми-зерттеу лабораториясын ұйымдастырды. Бұл істердің бәрі де кафедрада

ғылыми-зерттеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге негіз болды. Оның басында өріне Н.Мұхитдинов тұрды. 1990 – 2016 жылдары кафедрада Н.Мұхитдиновтың жетекшілігімен:

1) «Іле Алатауының орта белдеуіндегі өсімдік қауымдастықтарының эколого-биологиялық құрылымын зерттеу» (1991-1994 жж.);

2) «Іле Алатауының шөптесін өсімдік қауымдастықтарының пайдалы және сирек өсімдіктер ценопопуляцияларының құрылымын зерттеу» (1995-1998 жж.);

3) «Далалық беткейдің өсімдік қауымдастықтарының биоморфологиялық ерекшеліктерін зерттеу» (1998-2004 жж.);

4) «Алматы облысының перспективті дөрілік және фармакопоялық түрлерінің анатомо-морфологиялық ерекшеліктері» (2004-2006 жж.);

5) «Asteraceae Dumor. және Lamiaceae Lindl. тұқымдастарының жерінірілген, перспективті, жерінірілген өсімдіктер ассортиментін арттыру мақсатында интродукциялық зерттеулер» (2006-2008 жж.);

6) «Ariaceae Lindl. және Scrophulariaceae Juss. тұқымдастарының жерінірілген, дөрілік өсімдіктерінің түрлік құрамын арттыру мақсатында интродукциялық зерттеулер» (2009 – 2011 жж.);

7) «Морфо-анатомиялық және молекула-генетикалық әдістерді пайдаланып, Іле Балқаш аймағындағы мәдени, ғылыми және экологиялық маңызы бар эндем, сирек және жойылған бара жатқан өсімдік түрлерінің қазіргі жағдайын бағалау» (2009 – 2012 жж.);

8) «Алматы облысының кейбір сирек түрлерінің биологиялық ерекшеліктері, ценопопуляцияларының қазіргі жағдайы және оларды қорғау» (2012 – 2014 жж.);

9) «Ботаникалық және молекула-генетикалық әдістерді қолдана отырып Іле Алатауының дөрілік, сирек кездесетін кейбір өсімдік түрлерінің ценопопуляциялық жағдайын бағалау» (2015 – 2017 жж.) атты ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Осындай ерен еңбектері ескеріліп, ол «Қазақстан Республикасының ғылыми дамуына сіңірген еңбегі үшін» ҚР Білім және ғылым министрлігінің төсбелгісімен (2003

ж.), Еуропа ғылыми-өндірістік палатасының алтын медалімен (2013 ж.) марапатталды және 2013 ж. «ҚР ЖОО Үздік оқытушысы» атағына ие болды. Міне, «еңбегінен ел таныр» деген осы болса керек. 45 жылдан астам педагогикалық жұмысында Наштай Мұхитдинов студенттерге, магистранттарға және докторанттарға «Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы», «Фитоценология», «Дәрілік өсімдіктер», «Қазақстан биоресурстары», «Биогеоценология», «Ризология», «Экоморфология», «Өсімдіктер ценопопуляциясы», «Өсімдіктер ресурстары», «Өсімдіктердің популяциялық биологиясы», «Қызық кітапқа енген өсімдіктердің қазіргі жағдайы», «Аридті жерлердің өсімдік жабыны» және т.б. негізгі және арнаулы дәрістер оқыды және оқып келеді. Осы салалар бойынша көптеген студенттердің, магистранттардың, аспиранттардың және докторанттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті.

Профессор Н.М. Мұхитдинов 400-ден астам ғылыми мақалалар, оқулықтар және оқу құралдарының авторы. Оның қаламымен 3 ғылыми монография, 3 оқулық және 7 оқу құралы жазылды. Оқулықтар мен оқу құралдары, мысалы, «Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы» (2001), «Биогеоценология» (2007), «Қазақстан биоресурстары» (2009), «Геоботаника» (2011), «Дәрілік өсімдіктер» (2013) және т.б. алғаш рет мемлекеттік тілде жазылған оқулықтар мен оқу құралдары.

2003-2009 жылдары гранттық жобаларды орындау барысында 18 өте қажетті дәрілік өсімдік түрлерін алғашқы интродукциялық сынақтан өткізіп, олардың жеке даму барысындағы ерекшеліктері зерттелді. Бұл өсімдіктерді Алматы облысы жағдайында өсіруге агротехникалық ұсыныс берілді. Зерттелген дәрілік өсімдіктердің мүшелерінен уақытша және тұрақты препараттар жасалып, олардың жеке дамуы барысында құрылымындағы анатомиялық, морфологиялық өзгерістер, сол сияқты вегетативтік мүшелерінің морфо-анатомиялық құрылымының биометриялық көрсеткіштері анықталды. Шандра, андыз, лакса, көкжалбыз, сасықшөп, мелисса, сайсағыз және т.б. туыстардың дәрілік түрлерінен алынған шикізаттарға фитохимиялық зерттеулер жасалып, олардағы май және амин қышқылдарының құрамы, биологиялық белсенді заттары анықталды. Бұл

өсімдіктердің болашақта дәрі-дәрмек жасауға кең қолданылатыны сөзсіз.

Сонғы 2009-2014 жылдары алғаш рет Іле-Балқаш аймағындағы кейбір қорғауға алынған сирек кездесетін, тек осы аймаққа ғана тән Іле бөріқарақаты (сарыағашы), Іле сасыры, көксағыз, Михельсон кермегі, Іле ұшқаты сияқты өсімдіктер популяцияларының құрылымы және түрішілік дифференциациясы, морфо-анатомиялық және генетикалық өзгерістері зерттеліп анықталды. Алынған нәтижелер негізінде осы өсімдік түрлерінің генофондын қорғау шаралары ғылыми негізделіп, ұсыныстар жасалды. Алынған нәтижелері негізінде алыс шетелде (Германияда, 2014 ж.) монография шығарылды. Осылайша, Н.Мұхитдинұлы тек Қазақстан, жақын шетелде ғана емес, сонымен қатар Еуропа ғалымдарының арасында да танымал болды.

Оның тікелей жетекшілігімен 3 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты дайындалды. Олар Қазақстанның университеттерінде мамандықтары бойынша қызмет жасауда.

Наштай Мұхитдинұлы ұзақ жылдар бойы қоғамдық жұмыстарды да абыройлы атқаруда. Мысалы, ол 2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аттестациялық Комиссия (ЖАК) биология бөлімінің сараптау комиссиясының төрағасы міндетін атқарды. 2006-2010 жж. биология мамандығы (ботаника) бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Қырғызстан Ғылым академиясының және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде (2013-2014 жж.), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (2015-2016 жж.) диссертациялық кеңестерінің мүшесі.

Наштай Мұхитдинұлының еңбегін қоғамдық ғылыми ұйымдарда зор бағалады. Ол Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (2008 ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі (2013 ж.).

Әріптес, ғұлама ғалым әрі ұстаз Наштай Мұхитдинұлының асатын асулары әлі алда. Осы асуларды шаршамай асуына тілектеспіз.

Бірлікбай ЕСЖАНОВ,
Бекзат ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценттері,
биология ғылымдарының кандидаттары